С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «**Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру**» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының **материалдары** = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее»**, посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - **2017. - Т.I, Ч.2.** - Б.85-87

АБЕРДИН-АНГУС ТҰҚЫМЫ МАЛЫНЫҢ КӨБЕЮ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Қажғалиев Н.Ж., Сайдығұмар Т.Е.

Малдың жаңа ортаға бейімделуі оның көбею функциясына әсерін тигізеді. Ірі қара мал тұқымының көбею мүмкіндігі оның ағзасының жаңа ортаның азықтандыру мен бағып-күту жағдайына, әсіресе жергілікті жердің климаттық жағдайына беймделгіштік қасиетінің негізгі көрсеткіші болып табылады [1].

Жыл сайын әр сиыр мен құнажыннан бір бұзау алу арзан ірі қара етін өндіруде маңызы зор. Табынды толықтырудың басты мақсаты жылма-жыл сиыр мен құнажыннан қашардан нәсілді бұзау алу.

Көптеген шаруашылықтарда төл аз алынады, бұл жағдай етті мол өндіруге кедергі жасап, өзіндік құнын арттырады. Бұзаудың аз алынуының басты себептерінің бірі сиырдың қысыр қалуы. Сиырлардың қысыр қалуының алдын алу үшін біршама істер атқарылуы тиіс.

Етті ірі қара шаруашылығындағы маусымды бұзаулату буаз және жас туған сиырларды дұрыс азықтандыруға, төл алуға тұрақты бақылау жасауға, мүмкіндік жасайды.

Сондықтан етті ірі қара малын өз төлі есебінде көбейту мәселесіне арналған зерт-теу жұмысы өзекті мәселеге арналған.

Етті ірі қара шаруашылығындағы маусымды бұзаулату буаз және жас туған сиырларды дұрыс азықтандыруға, төл алуға тұрақты бақылау жасауға, мүмкіндік жасайды.

Бұл тұрғыда, көптеген ғалымдар сиырларды шағылыстырудың ең қолайсыз уақыты қаңтар-ақпан айлары деп, ал шағылыстырудың ең қолайлы уақыты шілде-тамыз айлары екенін келтіреді [2,3].

Сиырлардың ұрықтану үрдісінің жасына қарай төмендейтінін Dieten S. W., өз тәжірбиесінен дәләлдейді. Мысалы қашарлардың ұрықтану пайызы жасына қарай төмен -58,5.

Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша сыиырлардың дұрыс ұрықтануы бұзаулағаннан кейінгі шағылыструға байланысты, яғни ең қолайсыз ұрықтану уақыты бұзаулағаннан кейінгі ай. Бұны В. К. Милованов, А. В. Бесхлебнев.И.И. Соколовская, си-ырларды бұзаулағаннан кейнгі бірінші айында ұрықтану көрсеткіштерінің төмен екенін дәлелдейді. Ал А. П. Старцев бұл пікірлерді қолдамайды, оның пікірінше сиырлардың

бұзаулағаннан кейінгі бірінші айында ұрықтану қажет деп санайды. И. И. Редькин сиырлардың бұзаулағаннан кейін 30-60 күн аралығында ұрықтандырған тиімді екенін мәлімдейді.

Етті ірі қара шаруашылығын дамытып, ет өнімділігін арттыруда өз үлесін қосып келе жатқан шаруашылықтың бірі «Торғай» ЖШС. Шаруашылық бүгінгі күні шетелден әкелінген тұқымы абердин-ангус малын асылдандырып, бағып- күтуде.

Осыған орай, магистрлік жобаның мақсаты: «Торғай» ЖШС жағдайында абердин-ангус тұқымы сиырларының көбею қабілеттілігін жақсарту жолдарын қарастыру болып отыр.

Табындағы сиырлардың көбею және төлдегіштік қабілетін анықтау мақсатында «Торғай» ЖШС-де табындағы сиырларының көбею қабілеттілігін өндіріс мәліметтерін талдау нәтижесінде анықталды (1 кесте).

2016 жылдың сәуір және мамыр айлары аралығында табындағы 281 сиырдың 221 басы шағылысқа түсті, яғни 79,5%. Жас құнажын қашарлардың алғашқы шағылысы 18 және оданда жоғары жастарында тіркелді. Олардың тірілей салмақтары 347,3 – 388,2 кг аралығында болды.

1 - кесте – Табындағы құнажындар мен сиырлардың көбею қабілеттілігі

Жас ерекшеліктері	Ұрықтандырылғаны, бас	Іш тастаған және қысыр қалғаны	Тоқтағаны, %	Туылған бұзаулар			Төлдегіштігі, % (жеңіл/ауыр)	100 бас малға шаққандағы бұзаулар шығымы, %
				тірілері	өлілері	барлығы		
18 -21 айлық	57	2/3	91,0					
3 жас	101	1/5	94,0	94	2	96	95/5	72,1
4 жас	88	-/5	94,3	49	2	51	97/3	78,9
5 жас	174	2/10	93,0	158	4	162	97/3	83,2

Кестедегі мәліметтерден табындағы абердин-ангус тұқымы сиырларының төлдегіштігі 96-97% жеңіл жүретіні және 100 бас малға шаққандағы бұзаулар шығымы 72,1-83,2% құрайтыны анықталды. Бұл сиырлардың жаңа ортаға тез бейімделіп, көбею қабілеттілігінің жоғары екенін көрсетеді.

Етті ірі қара шаруашылығында табынды өз төлімен толықтыруда тағы бір негізгі көрсеткіші сиырлардың бұзаулау аралығының мерзімі. Ғалымдармен мамандардың зерттеуінше сиырлардың бұзаулау мерзімінің аралығы 12 ай.

Сиырлардың туғаннан ұрықтанғанға дейінгі өткен уақыт сақа сиырларда - 40,8 күн болса, одан ұзақтау 3 жасар сиырларда - 54,3 күнге созылып, орташа табын бойынша 52,5 күнді құрады.

Әртүрлі жастағы сиырлардың ішінде қысыр саналған уақытының ұзақтығы 62,1-77,5 күн аралығында болды. Бұл көрсеткіштер сиырлардың төлдегіштік қабілетінің жақсы екенін көрсетеді [4, 5].

Құрсақ көтеруінің ұзақтығы табын бойынша 282,5 күн, ал ең төмен көрсеткіш сақа сиырларда 281,0 күн болса, 4 жасар сиырларының құрсақ көтеруінің ұзақтығы-280,5 күн болды. Бұл көрсеткіш бойынша әр жастағы сиырларының арасында айқындылық дәрежесі анықталмады.

2-кесте – Абердин-ангус сиырлардың көбею қабілеттілігі (2016 ж.)

Мал жасы	n	Туғаннан ұрықтанғанға дейін күн	Қысыр саналған уақыты, күн	Құрсақ көтеру ұзақтығы, күн	Бұзаулау аралығы, күн	Ұрықтану индексі
3 жасар	101	54,3	77,5±2,6	282,5±1,2	360,0±2,7	1,27
4 жасар	88	52,7	65,2±1,1	281,0±1,1	346,2±2,1	1,23
5 жасар	174	49,8	62,0±3,0	280,5±1,3	342,5±2,8	1,22
Орташа	281	51,5	68,2	281,5	349,5	1,24

Сиырлардың бұзаулау аралығының ұзақтығы бойынша 342,5-360,0 күнге, яғни 10,5 айға созылды.

Табынды өз төл есебінде көбейтудің ең негізгі көрсеткіші ұрықтану индексі болып табылады. Өйткені ұрықтану индексі сиырлардың ұрықтану санын көрсетеді. Біздің зерттеулерімізде барлық жастағы сиырлардың ұрықтану индексінің саны 1,23 тен 1,27, ал табын бойынша 1,24-ке дейін болды.

Жалпы қорыта келе жоғарыда келтірілген көрсеткіштерде қарап «Торғай» ЖШС-дегі абердин-ангус сиырларының, жыл сайынғы төлдеу қабілетінің жоғары екенін көруге болады. Бұл жоғары көрсеткіш шаруа қожалығында күйіті келген сиырлар мен қашарларды уақытында мұқият ұрықтандыруды кеңінен енгізу арқасында болып отыр.

Ал, төл алуға әсер ететін себептердің бірі-малды уақытында дұрыс ұрықтандыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Феклин, И. Основные направления в селекции и воспроизводстве мясного скота в хозяйствах Челябинской области / И. Феклин, С. Мирошников, Мазуровский Л. Зоотехния. – 2008. – № 5. – С. 2-6.

2 Жұманбай Ә.Қ. Шетелден әкелінген малдың жерсінуі, бейімделуі және ұдайы өсіру сапасын зерттеудің алғашқы нәтижелері. / Ә.Қ.Жұманбай, Е.С.Қожемжаров, А.Ә.Әбу – Жаршы. – №4. – 2014. – 70-73 б.

3 Естанов А.К. Солтүстік қазақстан жағдайында шетелдік селекциядағы отандық таза тұқымды аралас ірі қара малды дамыту және өсіру. /А.К.Естанов, М.И.Миргородский
– Жаршы. - №6. – 2014. – 49-55 б.

4 Гавриков А.М. Воспроизводство крупного рогатого скота: Учебное пособие /А.М. Гавриков, В.И. Лебедев, В.П. Белоножкин, Т.Е.Тарадайкин, А.П. Пыжов, Г.В. Ескин, Ю.В.Саморуков, Н.И.Попов. – Москва, 2010. – 87 с.

5 N.Kazhgaliyev1, S.K. Shauyenov1,N. Omarkozhauly, K.H. Shaikenovaand A.I.Shurkin.
Adaptability and Productive Qualities of Imported Beef CattleUnder the onditions of the Northern Region of Kazakhstan: Biosciences Biotechnology research ASIA - 2016. - Vol. 13(1). – P. 531-538.